

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қарашадағы N 1756 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріп отырған Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне төрт, оның ішінде бір бірінші вице-министрі болуына рұқсат берілсін. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.20. N 1863

қ а у л ы с ы м е н

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.09. N 541 қаулысымен .

3. Бекітілген штат саны лимитінің шегінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы ведомстволары:

Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитеті;

Азаматтық авиация комитеті;

Темір жол көлігі комитеті; <*>

Көліктік бақылау комитеті; <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.11.03 . N 1665 , 2002.08.19. N 916 , 2003.08.06. N 786 , 2004.10.28. N 1111

қ а у л ы л а р ы м е н

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне құрылған ведомстволардың ережелері мен құрылымын бекіту және Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізісін; осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

5. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 20 қарашадағы N 1756
қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының Көлік және
коммуникациялар министрлігі туралы
Ереже**

ЕСКЕРТУ. Мәтіндегі "көлік, ақпараттық және коммуникациялық", "көліктік және ақпараттық, коммуникациялық", "көлік пен коммуникациялар, ақпараттандыру" деген сөздер "көліктік, коммуникациялық" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.22. N 724 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) көліктік, коммуникациялық кешенде басшылықты, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің мынадай ведомстволары: Көліктік бақылау комитеті, Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитеті, Азаматтық авиация комитеті, Темір жол көлігі комитеті болады. <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.12. N 1521 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.08.19. N 916 қаулысымен .

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.12 N 995 қаулысымен .

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.22. N 724 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003.08.06. N 786 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен .

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады .

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен

мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Министрліктің, егер оған заңдарға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрықтармен ресімделетін, Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күші бар шешімдер қабылдайды.

5. Министрліктің ережесі мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Министрліктің заңды мекен-жайы:
Астана қаласы, Абай даңғылы, 49.

7. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

Министрлікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Министрліктің негізгі міндеттері:

1) көліктік, коммуникациялық кешенді дамытудың стратегиялық жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) заңдарда белгіленген тәртіппен көліктік, коммуникациялық кешен қызметін мемлекеттік реттеуді және үйлестіруді жүзеге асыру;

3) көлік, ақпараттық жүйелер, қызмет көрсету рыногын қалыптастыруға қатысу және кәсіпкерлікке, шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету; < * >

4) тасымалдауларға, мемлекеттік мұқтаждықтардың қажеттеріне болжамдар жасау және уақытында сапалы қамтамасыз ету; < * >

5) көлік қызмет көрсетулерін тұтынушылардың құқығы сақталуын бақылауды жүзеге асыруға қатысу; < * >

6) көлік пен саласында заңдардың орындалуын қамтамасыз ету; < * >

7) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және жобалау жұмыстарына

мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруға, сондай-ақ олардың көлік және салаларындағы кадрларды оқытуға, даярлауға және біліктілігін арттыруға қатысу болып табылады; < * >

8) халықаралық трафикті есепке алуды жүзеге асыру.

9) < * >

Ескерту. 10-тармақ 8-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.01.14. N 74 қаулысымен .

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.12. N 1521 қаулысымен .

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.12 N 995 қаулысымен .

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.22. N 724 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 9)-тармақша алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен .

11. Министрлік заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады ;

1) жүктерді, жолаушыларды тасымалдауға қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясат пен стратегияны іске асыру; <*>

2) Үкіметтің шешімі бойынша көліктік, коммуникациялық кешеннің заңды тұлғалары акцияларының мемлекеттік үлестері мен пакеттерін иелену және пайдалану жөніндегі функцияларын жүзеге асыру;

3) көліктік, коммуникациялық қызметті жүзеге асыратын объектілерді жекешелендіру мәселелерін шешуге қатысу;

4) өз құзыретінің шегінде көліктік, коммуникациялық кешеннің дамуы мен жұмыс істеуінің маңызды мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу, конструкторлық және жобалау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру;

5) өз құзыретінің шегінде көліктік, коммуникациялық кешеннің қызметіне байланысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама ұйымдастыруға қатысу ;

6) өз құзыретінің шегінде техникалық шарттар мен өзге нормативтерді бекіту, сертификаттау жүргізу, сондай-ақ көліктік, коммуникациялық кешенде белгіленген нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

7) көлік пен коммуникациялар, қызметтерін көрсету, қызмет көрсету рыногын қалыптастыруға қатысу ;

8) мемлекеттік тапсырысты орналастырады, мемлекеттік тапсырысқа бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға қатысу;

9) әуе кеңістігінің пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру; <*>

10) Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау;

11) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы көліктік, коммуникациялық кешенінің қызметін мемлекеттік реттеуді және үйлестіруді жүзеге асыру;

12) көліктік, коммуникациялық кешенде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

13) орталық және жергілікті атқарушы органдардың мамандарын ақысыз негізде, ал мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын мамандарды ақылы негізде сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін тарту;

13-1) өз құзыретінің шегінде Министрліктің жыл сайынғы жұмылдыру жоспарларын әзірлеу;

1 3 - 2) < * >

1 3 - 3) < * >

1 3 - 4) < * >

13-5) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалааралық облысаралық (астана мен республикалық маңызы бар қаланы қоса алғанда) автомобиль тасымалдауларын ұйымдастырады, тиісті облыстардың (астана мен республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарымен көрсетілген бағыттар бойынша қозғалыс кестесін келіседі; <*>

13-6) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты халықаралық автомобиль тасымалдауларын ұйымдастырады, көрсетілген тасымалдаулардың бағыттары бойынша қозғалыс кестесін келіседі; <*>

13-7) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты халықаралық және қалааралық облысаралық автомобиль тасымалдауларының бағыттар тізілімін жүргізеді; < * >

13-8) өз құзыретінің шегінде автомобиль көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді; <*>

13-9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады; <*>

13-10) автомобиль көлігі саласындағы қоғамдық бірлестіктермен және заңды тұлғалардың қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы бірлестіктерімен мемлекеттің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. <*>

14) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.12. N 1521 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ 13-1) тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ 13-2) тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ 13-2) тармақшасы алып тасталды - ҚР Үкіметінің

2002.07.17. N 794

қаулысымен .

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.12 N 995 қаулысымен .

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.07.22 N 724 қаулысымен .

Ескерту. 11-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.19 N 432

қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 13-3), 13-4)-тармақшалар алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен .

12. Министрліктің негізгі міндеттерін іске асыру және функцияларын жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) жеке және заңды тұлғалардан Министрліктің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша қажетті ақпараттар, материалдар, анықтамалық деректерді с ұ р а т у ғ а ;

2) ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері жөнінде ұсыныс енгізуге;

3) көліктік, коммуникациялық кешенге кіретін республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің уәкілетті органы болуға, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге а с ы р у ғ а ;

4) Үкіметтің шешімдері бойынша көліктік, коммуникациялық кешеннің заңды тұлғалары акцияларының мемлекеттік үлестері мен пакеттеріне иелік е т у г е және п а й д а л а н у ғ а ;

5) өзінің қарауындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің басшыларын іріктеуді және тағайындауды жүзеге асыруға, заңдарға сәйкес бірінші басшылармен келісімшарттар жасауға;

6) өз құзыретінің шегінде халықаралық ұйымдарда көліктік, коммуникациялық кешеннің мүдделерін білдіруге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша халықаралық шарттарды дайындауды және ж а с а с у д ы жү з е г е а с ы р у ғ а ;

7) Министрлік ведомстволарының міндеттері мен функцияларына сәйкес келмейтін бұйрықтарын тоқтатуға және хаттарын кері қайтарып алуға;

8) мемлекеттік сатып алу процесінде тапсырысшы болуға;

9) өзіне заңдармен жүктелген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Министрліктің мүлкі

13. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға

немесе өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Министрлікке заңдарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

16. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Министр басқарады.

Министрдің оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын орынбасарлары (вице - министрлері) болады .

17. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады әрі басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

18. Министр осы мақсатта :

- 1) вице-министрлердің, Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін және өкілеттіктерінің шеңберін айқындайды;
- 2) заңдарға сәйкес Министрліктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады ;
- 3) заңдарда белгіленген тәртіппен Министрлік қызметкерлерін көтермелеу, материалдық көмектер көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;
- 4) Министрліктің бұйрықтарына қол қояды;
- 5) Министрліктің құрылымын, штат кестесін және құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді ;
- 6) Мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Министрліктің атынан өкілдік етеді ;
- 7) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Министрліктің консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Алқасы болады. Алқаның сандық және жеке құрамын Министр бекітеді.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1999 жылғы 20 қарашадағы

№ 1756 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 сәуірдегі № 355 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж . , N 12 , 112 - қ ұ ж а т) .

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 11-тармағы.

3. "Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 қыркүйектегі N 1334 қаулысының 2-тармағының 3) тармақшасы.

4. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 қазандағы N 1522 қаулысының 3-тармағының 1) тармақшасы.